

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Катар Мемлекеті мен Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапарлары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 12 маусымдағы N 530

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Катар Мемлекеті мен Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапарлары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Катар Мемлекеті мен Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапарлары (1998 жылғы 23-27-мамыр) барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі қоса беріліп отырған Шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы

органдары Жоспарда көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы туралы кемінде жарты жылда бір рет хабарлама жасап отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 12 маусымдағы  
N 530 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың  
Катар Мемлекеті мен Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми  
сапарлары барысында (1998 жылғы 23-27 мамыр) қол  
жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске  
асыру жөніндегі шаралар жоспары

---

---

I. Қол қойылған Келісімдерді іске асыру

1.1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне

мыналарды бекіту туралы ұсыныстар  
енгізу:

а) Қазақстан Республикасы мен Катар Үкімет қаулысы  
Мемлекеті арасындағы Сауда-экономика-  
лық ынтымақтастық туралы келісім

ә) Қазақстан Республикасы мен Үкімет қаулысы  
Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы  
Сауда-экономикалық ынтымақтастық  
туралы келісім

б) Қазақстан Республикасы мен Катар Бұл да сол  
Мемлекеті арасындағы Жоғары деңгейдегі  
бірлескен комиссия құру туралы келісім

1.2. 1.1-тармақта белгіленген Келісімдердің Қазақстан Республикасы.  
іске асырылуына бақылау орнату ның Президентіне  
баяндама

1.3. Қазақстан Сауда-өнеркәсіп палатасы Шаралар жоспары  
мен Катар Сауда-өнеркәсіп палатасы  
арасындағы ынтымақтастық туралы  
келісімді іске асыру жөнінде шаралар  
қабылдау

2. Келісімдерді келісу және оларды қол қоюға әзірлеу

2.1. Мынадай құжаттардың жобаларын  
келісуді аяқтау:

а) Қазақстан Республикасы мен Катар Келісімдерді бекіту  
Мемлекеті және БАӘ арасындағы

инвестицияларды көтермелеу және  
өзара қорғау туралы келісімдер

ә) Қазақстан Республикасы мен Катар Мемлекеті және БАӘ арасындағы қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімдер Бұл да сол

б) Қазақстан Сауда-өнеркәсіп палатасы мен Біріккен Араб Әмірліктері Сауда-өнеркәсіп палатасы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімдер Келісімге қол қою

в) Қазақстан Республикасы мен Катар Мемлекеті және БАӘ арасындағы Қазақстанды Дубаймен жалғастыратын тікелей тұрақты әуе желілерін ашу туралы келісімдер Бұл да сол

2.2. 2.1-тармақтың іске асырылуына Қазақстан Республикасы.  
бақылау орнату ның Президентіне  
баяндама

### 3. Қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру

3.1. Катар Мемлекетінің Әмірі Шейх Хамад Бен Халифа Әл Тәнидің және БАӘ Президенті Шейх Заид Бен Сұлтан Әл Нахаянның 1999 жылы Қазақстан Республикасы ресми сапарларының мерзімдерін пысықтау Дипломатиялық арналар арқылы мерзімдер келісілгеннен кейін ресми шақырулар жолдау

3.2. "Абу-Даби" қорымен Қазақстандағы халық шаруашылығы объектілерін, оның ішінде Ертіс өзенінің суын бұру, Ақмола облысында су қоймасының құрылысын салу, Астананы сумен қамтамасыз ету және оның құрылысы, басқа жобаларды қаржыландыру бойынша "Абу-Даби" қорымен келісілген және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Бағдарлама

ынтымақтастық Бағдарламасын әзірлеу

- 3.3. Сауд Даму Қорымен Қазақстандағы инфрақұрылым объектілерін қаржыландыру саласында ынтымақтастық Бағдарламасын әзірлеу
- 1) Жобалар пакетін жолдау  
2) Бағдарлама
- 3.4. Катармен-Астана қаласында Сауда орталығын салу, БАӘ-мен - қонақ үй құрылысы туралы ұсыныстарды пысықтауды жалғастыру
- Келісім
- 3.5. Катар тарапымен Қазақстан Республикасы Сыртқыісмині объектілерінің құрылысы бойынша өтеусіз көмек беру туралы келіссөздерді аяқтау
- Бұл да сол
- 3.6. БАӘ компанияларының Астана қаласында Президент Сарайын салуға қатысу мәселесін пысықтау
- Қазақстан Республикасының Президентіне баяндама
- 3.7. Катар Мемлекеті мен БАӘ-нің мұнай және газ өнімдерін игеру, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау саласындағы ведомстволарымен және компанияларымен, оның ішінде катарлық "Әл-Маннай компаниялар тобы" мен саудтық "Даббах" компанияларымен ынтымақтастықты жолға қою
- 1) Катар және Әмірліктерін мүдделі ведомстволары мен компанияларының делегацияларын қабылдау  
2) Тиісті құжаттарды келісу және оларға қол қою
- 3.8. Катар және Әмірліктер Тараптарымен экспорттық тауарлардың өзара көрмелерін ұйымдастыру мәселесін пысықтау
- Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндама
- 3.9. Қазақстанда Катар және Әмірліктер банкілерінің, сондай-ақ Катар мен БАӘ-інде Қазақстан Республикасы
- Қазақстан Республикасының Президентіне

Ұлттық Банкінің өкілдіктерін ашу баяндама  
мәселесін пысықтау. Ислам Даму  
Банкімен жұмысты жандандыру

3.10.Катар және Әмірліктер компанияларымен Қазақстан  
Қазақстанның ауыл шаруашылығы Республикасының  
өнімдерін Парсы шығанағы елдеріне Президентіне  
экспорттау жөнінде келіссөздер баяндама  
жүргізу

3.11.Катар және Әмірліктер Тараптарымен Өнімдер тізбесін  
экспорттық-импорттық мүмкіндіктер жолдау  
туралы деректер алмасу

3.12.Әмірліктер Тарапымен қазақстандық Ұнтымақтастық  
мамандар мен жұмысшыларды Бағдарламасы  
келісім-шарт бойынша БАӘ-не жұмыс  
істеуге жіберу мүмкіндігін пысықтау

3.13.Катар және БАӘ-нде Қазақстан Ноталар алмасу,  
Республикасының Елшіліктерін ашу Қазақстан  
туралы және бұл елдердің Астанада Республикасы  
Елшіліктер ашу туралы келіссөздерді Президентінің  
жалғастыру Жарлығы

---

Атқарылу мерзімі | Атқарылуына жауаптылар

---

3 | 4

---

1.1. 1998 жылғы шілде Энергетика, индустрия және саудамині  
1998 жылғы шілде Энергетика, индустрия және саудамині  
" " Сыртқыісмині

1.2. Жарты жылда 1 рет Бұл да сол

1.3. 1998 жылдың шілдесі Сауда-өнеркәсіп палатасы

2.1. 1998 жылдың III тоқсаны Инвестмемком, Қаржымині, Әділетмині,  
Сыртқыісмині

1998 жылдың IV тоқсаны Қаржымині, Ұлттық банк, Әділетмині,

## Сыртқыісмині

1998 жылдың II тоқсаны Сауда-өнеркәсіп палатасы

1998 жылдың III тоқсаны Көліккоммині, "Эйр Қазақстан" ҰАК,

2.2. 1998 жылдың қазаны Сыртқыісмині

3.1. 1998 жылдың IV тоқсаны Сыртқыісмині, Президенттің  
Хаттамалық қызметі (келісім бойынша)

3.2. 1998 жылдың III тоқсаны Инвестмемком, Сыртқыісмині,  
Қаржымині, Астана қаласының  
әкімі, Ауылшармині

3.3. 1998 жылдың II тоқсаны Инвестмемком, Сыртқыісмині,  
Энергетика, индустрия және саудамині

3.4. " " Сауда-өнеркәсіп палатасы,  
Сыртқыісмині, Қаржымині,  
Астана қаласының әкімі

3.5. " " Сыртқыісмині

3.6. 1998 жылдың шілдесі Президент Әкімшілігі, Сыртқыісмині

3.7. 1998 жылдың III тоқсаны Энергетика, индустрия және  
саудамині, Сыртқыісмині, "Қазақойл"  
ҰМК, "ҚазТрансОйл" ҰК

3.8. " " Энергетика, индустрия және саудамині  
Сауда-өнеркәсіп палатасы

3.9. 1998 жылдың IV тоқсаны Ұлттық банк, Қаржымині,  
Әділетмині, Сыртқыісмині

3.10. 1998 жылдың III тоқсаны Ауылшармині, Мемлекеттік азық-түлік  
корпорациясы, Көліккоммині

3.11. 1998 жылдың шілдесі Энергетика, индустрия және саудамині,  
Сыртқыісмині

3.12. 1998 жылдың тамызы Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғаумині, Сыртқыісмині

3.13. 1999 жылдың I тоқсаны Сыртқыісмині, Қаржымині